Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Жаңатас қаласы №4 « 6 » ақпан 2026 жыл

Бұдан әрі, тапсырыс беруші деп аталатын «Сарысу ауданы Жаңатас қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан (БСН 991140003639) ереже негізінде әрекет ететін Әкім Домалаков Ильяс Алимбаевич бір тараптан және қызмет көрсетуші деп аталатын ЖК«Бакдаулет» (бұдан әрі - мердігер) (БСН 590203302130) атынан куәлік негізінде әрекет ететін басшысы Усембаев Болат Базарбаевич екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16 бап 3 тармақ 3 тармақшасына сәйкес дағдарыстық ахуалдарды, төтенше ахуалдардың немесе төтенше жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін, Жаңатас қаласындағы 1 мөлтек аудан, 60 үй аумағындағы балалар ойын алаңшасын ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді.

1 Шарттың мәні

1.1 Мердігер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы
Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті:

1.2 Жұмыстар – Жаңатас қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлердің шатырларын қайта қалпына келтіру жұмыстары бойынша орындалады.

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы 4 504 680 (төрт миллион бес жүз төрт мың алты жүз сексен) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС (0) теңге.

2.2 Орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуді Тапсырыс беруші Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Мердігердің іс жүзінде есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен төлейді.

2.3 Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
2) орындалған Жұмыстардың актісі;
3) атқарылған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша есеп;
4) шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Мердігер:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Мердігердің Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзге заңсыз ісәрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді

4) Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстар актісін жіберуге

5) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шотфактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға;

6) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;

3.2 Тапсырыс беруші:

1) орындалған Жұмыстардың сәйкес келмеуін анықтаған кезде дереу жазбаша Мердігерді хабардар етуге;

2) Жұмыстарды қабылдау кезінде орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 846-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға;

2) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері арқылы электрондық нысанда Мердігер жазған шот-фактураны қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

5) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

4 Тараптардың жауапкершілігі

4.1 Тараптар өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Шарт шеңберінде барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

4.2 Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

4.3 Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Мердігердің түзетулерді

жүргізу туралы барлық сұранымдары Мердігер Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

4.4 Мердігердің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді.

5 Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары

Шарт бойынша жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі келісім-шартқа қол қойған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде.

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2026 жылға дейін қолданылады.

6 Даулы мәселелерді шешу

Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

7 Реквизиттер

Тапсырыс беруші: "Сарысу ауданы Жаңатас қаласы әкімінің аппараты" КММ Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанатас қаласы, 1 ш.а №25 БСН 991140003639 БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ47070106KSN2108060 "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ Тел.: 6-28-17 Әкім _____ Домалаков Ильяс Алимбаевич	**Орындаушы:** Жеке кәсіпкер «Бакдаулет» Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудакент ауылы БСН/ЖСН 590203302130 HSBKKZKX, ЖСК KZ75601A161008461641, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Тел.: 87024285927 Директор _____ Усембаев Болат Базарбаевич